

**"Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар беру туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 49 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Жамбыл облысы Сарысу аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 23 ақпандағы № 40 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 наурызда № 2963 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 4 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар беру туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 49 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 2575 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 наурыздағы № 29 "Сарысу" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен белгіленген Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлардың:

реттік нөмірі 12 жолдағы "Ауылдық клуб" деген сөздер "М. Әуезов атындағы орта мектеп" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Асановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Жайлыбаев*